

## БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

## Отбасы тәрбиесінің маңыздылығы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
20.01.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/129309/

## Баяндама: « Отбасы тәрбиесінің маңыздылығы»

Бала үшін ата-анасынан артық адам жоқ. Баланың бас ұстазы – ата-анасы. Ендеше әрбір ата-ана өз перзентін мәдениетті, адамгершілігі мол, білімді, ата салтын, ана тілін қастерлейтін ұлтжанды адам етіп тәрбиелеу ата-ананың міндеті деп түсіну керек. Отбасындағы жақындық қуаныш пен қарым қатынас және түсіністікті әкелу тиіс. Бос уақытты бірге өткізудің мазмұны (кітап оқу, театр, теледидар хабарларын көру, саяхатқа шығу, т.б.), балалармен бірге ойластырғаны дұрыс. Оқыған кітаптары, көргендері туралы пікір алмасу балада сөйлеу, ойлау мәдениетін сақтап, өз сезімдері және ойларымен шынайы бөліскен дұрыс. Сөйлесудегі мейірімділік-баланың жалпы әлеуметтік дамуына өз нәтижесін береді.

Бала отбасы мен мектепте жан-жақты тәрбие алады. Отбасының болашақ ұрпақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бермек. Баланың ыстық – суығына сүйінбейтін, күйінбейтін ата- ана жоқ. Баланы тәрбиелеуге ата – ана жеткілікті мән бермесе бұл істің нәтижесі болмайды. Мектеп – тәрбиелі отбасының үлкейген моделі. Мектепке баламен тығыз байланыста жұмыс жасайтын сынып жетекшісі.

Тәрбие жұмысындағы кемшіліктің бірі- ата-ана мен бала арасындағы рухани жақындықтың жоқ болуы көптеген отбасында кездеседі. Ата – ана баласын түсінбейді, әке, ана, бала арасындағы бір-біріне деген сенімсіздік туа бастайды. Осыдан проблемалар туындайды. Айта кететін жағдай, бүгінгі балалар мен жастар ешкімге тәуелді болмауға тырысады. Осыдан нашақорлық, жезөкшелік, қылмыстық істер көбейеді, өзінің тәрбиелік жұмысын орындауды тоқтатқан кезде мектептің рөлі зор. Педагогикалық ұжым баланың дұрыс өмір сүруіне барлық жағдайларды жасауға тиісті.

Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан да халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп текке айтпаған.

Толық мәнді отбасы болу үшін, ата-ананың және басқа да отбасы мүшелерінің береке,

бірлікті, түсінікті сақтауы, сонымен қатар, әр отбасы мүшесінің құқығы қорғалуы тиіс.

Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі- отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінетін болады. Отбасы тәрбиесі кешенді педагогикалық мақсаттылық арқылы іске асады.

Өмір тәжірибесі көрсеткендей, екі түрлі отбасына назар аударуға болады. Біріншісі- материалдық игілікті алға қойып, соған жетуді мақсат еткендіктен, рухани құлдырауға соқтығуда. Екіншісі- материалдық игілігі жеткілікті отбасында бала мен ата-ана арасында эмоциялық, мейірімділік қарым-қатынастың орнықтағандығы байқалады. Осы жағдайлар отбасында жасөспірімдерді тәрбиелеуде ескерілуі қажет.

Түйіндей келе, отбасында орныққан қарым-қатынас, түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашан да ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы. Үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады. Қазіргі отбасы тәжірибесіндегі басты мақсат-баланы тәрбиелеуде рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады.

***Рысбеков Қанабек Алдабергенұлы***

***Директордың тәрбие ісі жөніненгі орынбасары***

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.